



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

«Б01712 Ұйғыр тілі мен әдебиеті – Бастауыш білім беру»

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Көпмәдениетті, коммуникативті, педагогикалық саладағы мәселелерді шығармашылықпен және кәсіби түрде шеше алатын ұйғыр тілі мен әдебиеті және бастауыш білім беру мұғалімдерін дайындау: ұйғыр тілі мен әдебиеті және бастауыш білім беру пәндерін оқыту; қазақстандық патриотизм, ҚР халықтарының достығын және әр түрлі мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.

## КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- білім беру (педагогикалық);
- ғылыми-зерттеу;
- әдеби-шығармашылық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-басқарушылық;
- әдеби кеңесшілік.

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** – ұйғыр тілі, әдебиеті және бастауыш білім беру пәндерінен игерген білімдерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолданады, академиялық адалдық мәдениетін сақтайды;

**ОН2** – меңгерілген ақпаратқа сүйене отырып, тіл мен әдебиет бойынша білімді практикада қолданады, зерттеу қызметінде академиялық жазылым ұстанымдарын ескереді;

**ОН3** – оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, шығармашылыққа ұмтылдыру, проблемаларды бірлесіп шешу дағдыларын қалыптастыру мақсатында ғылым жүйесіндегі ұйғыр тілі мен әдебиеті және бастауыш білім беру пәндерінің қазіргі жағдайын, орны мен құндылығын талдайды;

**ОН4** – ұйғыр тілі, әдебиеті және бастауыш білім беру пәндерін оқытуда АКТ және сандық білім беру ресурстарын пайдалана алады және одан әрі оқуды өз бетінше жалғастырады;

**ОН5** – ұйғыр тілі, әдебиеті және бастауыш білім беру пәндерінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларындағы дағдыларды және оларды қалыптастыратын оған оқу мақсаттарының маңызын түсінеді;

**ОН6** – этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды, қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін, ұлттық тәрбиенің заңдары мен қағидаларын ескере отырып, көп мәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдеріне ие;

**ОН7** – командалық қызметте, тұлғааралық қатынастарда, тиімді жұмыста коммуникативтік құзыреттілікті көрсетеді;

**ОН8** – оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне, оқушылардың күтілетін нәтижелері мен физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық технологияларды пайдаланады;

**ОН9** – оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияларын меңгереді, педагогикалық тәжірибеде орынды қолданады;

**ОН10** – тіл мен әдебиет және бастауыш білім беру салаларын оқытуда педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерді меңгереді, кәсіби өсу жолында өзінің білім траекториясын құрастырады;

**ОН11** – ұйғыр әдебиетінің тарихын, теориялық мәселелерін және даму бағыттары мен үрдістерін біледі және көркем шығарманы талдауда қолданады;

**ОН12** – өнімді, гипотезаны құру, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түсіндіру үшін әр түрлі дерек көздерінен алынған ақпараттарды шығармашылықпен түрлендіреді, талдайды, жинақтайды, педагогикалық зерттеу әдістерін модульдейді.